



РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

### **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

2. Муканова А. К «умной», цифровой, комфортной жизни[сайт:Казахстанская правда]URL:<http://www.kazpravda.kz/articles/view/k-umnoi-tsifrovoi-komfortnoi-zhizni/> (Дата обращения: 20.02.2018).
  3. Король представил стратегию «Цифровое Марокко»[сайт: [هسبريس](http://www.hespress.com)] URL: <https://www.hespress.com/politique/15815.html> (Дата обращения: 21.02.2018).
  4. Электронное правительство Марокко. [сайт: [هسبريس](http://www.hespress.com)] URL: <https://www.hespress.com/opinions/242462.html> (Дата обращения: 21.02.2018).
  5. «Национальная цифровая стратегия 2015-2020» [сайт: [الصباح](http://assabah.ma)] URL: <http://assabah.ma/247544.html>(Дата обращения: 23.02.2018).
  6. Цифровая революция в финансовом секторе [сайт: [الصباح](http://assabah.ma)] URL: <http://assabah.ma/208282.html> (Дата обращения: 23.02.2018).
- «Цифровое академическое облако» [сайт: [الصباح](http://assabah.ma)] URL: <http://assabah.ma/208282.html> (Дата обращения: 24.02.2018).

ӘОЖ 327.56.

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДИАЛОГ АЛАҢЫ РЕТІНДЕГІ ТӘЖІРИБЕСІН КОРЕЙ ЯДРОЛЫҚ DAҒДАРЫСЫН ШЕШУДЕ ПАЙДАЛАНУ**

**Омарова Сәуле Нұрашқызы**

[Omarovasaule1705@gmail.com](mailto:Omarovasaule1705@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ХҚФ Шығыстану мамандығының 3-курс студенті  
Ғылыми жетекшісі – Б.Ж.Абжаппарова

Ядролық қауіпсіздік жарты ғасырдан астам уақыт бойы әлем назарында ең күрделі, ең қатерлі мәселе болуда. Бүгінгі таңда Халықаралық қауіпсіздік деңгейі төмен екенін байқауға болады. Әлемде ядролық қаруды пайдалану қаупі өршіп тұрғандықтан аймақтық және жалпы жаһандық деңгейде қарулы қақтығыстардың географиясы кеңеюде.

Қазіргі кезеңде Корей түбегі бүкіл әлемнің назарын өзіне аударып отыр. Мұнда екі негізгі мәселе орын алуда, алғашқысы – бір мемлекеттің екіге бөлініп кетуі, яғни солтүстікте орналасқан Корей Халық Демократиялық Республикасы (КХДР) және оңтүстікте орналасқан Корей Республикасы, 38 параллель арқылы халқы ортақ бір мемлекеттің екіге бөлінуі, келесі мәселе бұл КХДР ядролық ұстанымдары. Бірінші мәселе осы уақытқа дейін әлемдегі ең күрделі мәселелердің біріне айналып, аймақтағы саяси тұрақсыздықтың ошағы болса, екінші мәселе әлемнің үрейін тудыруда.

Солтүстік Корея Азия-Тынық мұхит аймағы елдерінің арасында бірінші болып әскери-ядролық қару мен зымырандық технологияны иемденуші ел ретіндегі құпия жұмыстарын ашық жариялап отыр. Корей түбегіндегі дағдарыс халықаралық қауіпсіздігінің нашаралуына итермелейтін жағдайлардың бірі болып есептеледі. Ол мәселе бойынша 2003 жылы Қытай астанасы Пекин қаласында Солтүстік Кореяның ядролық бағдарламасы жайында алтыжақты келіссөздер өткізілді. Келіссөздердің алғашқы жылдарда (2003-2004жж.) өткізілген раундтарында тараптар келісімге келгенімен, 2005 жылы КХДР келіссөздерден шығып, ядролық қаруды сынақтан өткізу жұмыстарын жаңартты. Қытай тараптарды Корей түбегіндегі мәселелер бойынша келіссөздерді жандандыруға шақырды. Бірақ ол жүзеге аспай қалды [1].

КХДР соңғы 10 жыл ішінде жеті рет ядролық сынақ өткізді. Бесінші жойқын жарылыс 10 килотоннаны құраған. Көрші мемлекеттер де радиация деңгейін анықтап, зардаптарын анықтап жатыр. Пхеньян мұнымен қоймай ядролық қарудың көптеген түрін әзірлеп, сынақтар жасауды мақсат етті. КХДР атом бағдарламасын жалғастыруына және Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Комитетінің барлық резолюциясын бұзуына қатысты әлем елдері жаңа резолюция бірауыздан қабылдап, санкцияларды пайдаланды. Бірақ, бүгінгі күнге дейін КХДР ядролық қарулардың сынақтарын жалғастырды.

Осыған орай, АҚШ пен КХДР арасындағы дұшпандық сыңай бір белеске көтерілді. КХДР сыртқы істер министрлігі басшысы Ли Су Ён Біріккен Ұлттар Ұйымында баяндама жасағанда Америка құрлығын зымырандармен соққылаудың қиын емес екенін айтқан. АҚШ Корей түбегінің шығыс жағалауына соғыс ұшақтарын орналастырып әскери күштің қуатын сынап көрмекші болды. Тартысқа толы КХДР-ның сыртқы істерге жауапты басшысы Ри Йон Хо Біріккен Ұлттар Ұйымы отырысында, Солтүстік Кореяның әскери күш қолдануы тек сөз жүзінде ғана айтылып қалмайтынын ескерткен. Ол сөзінде соңғы жылдары КХДР-ның баллистикалық зымырандар мен ядролық бағдарламаларын орнықты түрде дамытқанын алға тартты. Әрі барлық елдің Солтүстік Кореяның құрлық аралық зымыран соққыларын жасай алатынын білетінін ескертті. Және ол: «Трамп өзінің не айтып жүргенін аңғармайтын болса керек. Солтүстік Корея сөзінде тұрады. Әрі біздің беретін қарымта жауабымыз ол ойлағаннан әлдеқайда салмақты болады. Біз тек оған сақ болуды ескертеміз. Солтүстік Корея күллі Америка құрлығын зымырандармен атқылауға да дайын», – деген болатын.

АҚШ президенті Дональд Трамп осыдан кейін жауап ретінде: «Мен жаңа ғана, оның БҰҰ отырысындағы сөзін тыңдап шықтым. Егер оның айтып отырғандарының бәрі шынымен де Ким Чен Ын сөзі болса, онда олардың санаулы ғана күні қалды», - деп айтты.

Екі жақтың біреуі ядролық қаруды қолданып, соғыс жариялайтын болса, онда ол ұзақ уақыттан бергі АҚШ пен Солтүстік Корея арасындағы теке-тірестің соңғы бейнесі болады. Бірақ, осындай ядролық соғыстан бүкіл әлем зардап шегеді. Әлем елдері аталған әрекеттен алаңдаушылық білдіріп, екі жақты сабырға шақырды.

Бірнеше тіпті ондаған жылдарға созылған ядролық мәселені бір сәтте тоқтауы қиын. Бірақ жауласқан тараптарды келіссөз үстеліне шақырып, мәселені бейбіт жолмен шешуге болады. Өйткені, тарих көрсеткендей, кез-келген соғыс бейбіт келісімге келумен аяқталады. Қазақстанның ұстанымы да осы. Сондықтан Қазақстан Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы ретінде дауды қарумен емес, ақылмен, яғни дипломатиямен шешілуіне күш салмақ.

Қазақстанның да ядролық сынақпен байланысты тәжірибелері болған. Бірақ, 1991 жылы әлемдегі төртінші ядролық держава бола тұра ядролық қарудан бас тартты. Семей сынақ алаңы жабылған 1991 жылы 29 тамыз күні БҰҰ-ның «Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні» ретінде жарияланды. Семей сынақ алаңы жабылған сәттен бастап адамзат тарихындағы ең зұлмат сойыл – ядролық қарумен күрестің көшбасшысы атанды [2].

Біздің мемлекетіміздің саясаты Еуразия кеңістігінде ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге сол арқылы әлемдік қауымдастық қауіпсіздігін сақтауға бағытталды. Президент ядролық қарудан бас тартып, мемлекеттің тәуелсіздігін нығайтқанын, ядролық державалардың шабуыл жасамау туралы кепілін алып, жоғары халықаралық беделге ие болғаны, мұның өзге елдер үшін де тәжірибелік үлгі болатынын баса айтты. «Солтүстік Корея басшылығын біздің жолмен жүруге шақырамыз», - деді Н.Назарбаев.

Сонымен қатар, халықаралық аренада Қазақстан түрлі шиеленістер мен күрделі мәселелерді реттейтін консенсус алаңын құрушы мемлекет ретінде өзін таныта білді. Мысал ретінде, Қазақстан Республикасы Иран ядролық бағдарламасы жөніндегі келіссөздер үдерісіне өзінің практикалық үлесін қосты. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың бастамасымен 2013 жылы Алматыда келіссөздердің екі кезеңін өткізіп, олар Иран мен халықаралық келіссөздер жүргізуші топ арасында сенім атмосферасын қалыптастыруға және тұтастай қамтитын бірлескен іс-қимылдар жоспарына қол жеткізуге айтарлықтай ықпал жасады. Нәтижесінде Иран ядролық бағдарламасына қатысты халықаралық міндеттемелерді орындаған соң, 2016 жылы әлем елдері санкцияны алып тастады. Осылайша біздің еліміз бұл мәселені шешуге ықпал етті [3].

2015 жылдың қарашасында Түркия шекарамызды бұзды деген айыппен Ресейдің әскери ұшағын атып түсірді. Осыдан кейін екі ел арасындағы саяси қатынастар ғана емес, экономикалық, қоғамдық байланыстың бәрі тоқтады. Бұл жағдай қазақ халқын қатты алаңдатты. Өйткені бірі көрші, бірі бауыр. Бұл тұста да үнсіз қалмадық. Елбасы екі мемлекеттің басшыларымен тығыз байланыс орнатып, арадағы өкпе-ренішті жоюға бар

күшін салды. 2016 жылдың 16 маусымында Санкт-Петербургте, 24 маусымда Ташкентте өткен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының самитіне Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі қатысып, қос тараптың татуласуына бар жағдайды жасады. 27 маусымда Түркия басшысының жолдауын Ресей президенті ресми түрде қабылдады.

2017 жылы Астанада Сирия мәселесі жайлы өткізілген бейбіт келіссөздерді де үлгі ретінде ұсынуға болады. Ол туралы Аккан Сувер, «Magma grubu» стратегиялық зерттеу орталығының төрағасы:

– Астана процесі өзіне жүктелген міндеттерді ойдағыдай орындап шықты. Ол қандай міндеттер еді? Алғашқы қадам қақтығысқа қатысушы топтардың басын қосып, келіссөзге көндіру болатын. Бұл оңай шаруа емес еді. Жыл басында өткен Астанадағы алғашқы отырыс әлі есімізде. Бірақ мәселе майданда емес, үстел басында шешілуі тиіс. Тараптар оны жақсы түсінді. Нәтижесінде қазір Сириядағы жағдай біршама тұрақталды деп айтуға негіз бар [4].

Астанада Сирия жөніндегі келіссөздерді өткізу мұндай көмектің қажет екендігін аңғаруға болады. Сондықтан Қазақстан ұсынған күнтәртібі белгілі бір мәселелерді шешуге көмек бере алады.

Сонымен қатар, 2018 жылғы әлемнің ірі оқиғалардың бірі-9 қаңтар күні ресми Сеул мен Пхеньян КХДР делегациясының Пхенчхандағы қысқы Олимпиада ойындарына қатысуы мәселесін талқылау үшін келіссөздердің сәтті өтуі болып есептеледі. Ақыры Корей Республикасының Пхенчхан қаласында өткен XXIII Қысқы Олимпиада ойындарының салтанатты ашылу рәсімінде қос Кореяның спортшылары бір тудың астына шығып, әйелдердің хоккей командасы біріктірілді. Корей Республикасы мен КХДР үкіметтері соңғы 3 жылда алғаш рет жоғары деңгейде кездесу өткізді. Қысқы олимпиада ойындарының қарсаңында КХДР билеушісінің әпкесі Ким Е Джон мен Корей Республикасының президенті Мун Чжэ Иннің кездесуі тарихи оқиғаға айналды [5]. Келіссөздердің сәтті аяқталуы екі Кореяның қарым-қатнасына әсер ететіні сөзсіз. Сол себепті Корей түбегіндегі талас тартыстардың жағдайы біршама жақсарланды. Сонымен бірге, КХДР-ның елбасшысы Ким Чен Ын Корей Республикасы мен АҚШ-пен келіссөздерден бас тартып, қатаң талаптарды талап ететін болса, XXIII Қысқы Олимпиада ойындарынан кейін аталған мемлекеттермен бейбіт келіссөздердің өткізілуіне қарсы болмады. Және АҚШ-тың президенті Дональд Трампқа ракеталық және ядролық қаруларды сынақтамай, денуклиаризацияға қадам басып жатқаны жайлы хатында жолдаған. Екі президенттің кездесуі мамырдың аяғына дейін өткізілуі тиіс [6].

Осындай сәтті жағдайды пайдаланып, халықаралық шиеленістер мен мәселелердің шешуінде тәжірибесі бар Қазақстан өзінің территориясында бейбіт келіссөздерді өткізуге дайын.

Бүгінгі таңда Қазақстан өзінің сыртқы саясатын белсенді жүргізуде. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің отырысында сөйлеген сөзінде Қазақстан КХДР ядролық мәселесін реттеу үшін келіссөздер алаңын ұсынып, жағымды жағдай жасай алатынын айтқан болатын [7]. Біздің мемлекетіміздің медиаторлық тәжірибесін және конструктивті тәсілді Солтүстік Кореяға қатысты ядролық мәселені реттеуде де қолдануға болады деп ойлаймыз. Корей түбегіндегі қазіргі оқиғалар терең карама-қайшылықтың бар екенін білдіреді. Қазақстан сенім ахуалын қалыптастырудың маңызды талабы ретінде «ядролық бестіктің» Корей Халық Демократиялық Республикасының қауіпсіздігіне кепілдік беруін және Пхеньяның келіссөз үстеліне оралуын күтуде. КХДР-дың басты талабы-Корей Республикасы мен АҚШ бірлесіп жүзеге асырып жатқан әскери әрекеттерді тоқтатып, Корей түбегін американдық әскери базалардан босату. Ал АҚШ пен Корей республикасы туралы айтатын болсақ, аталған мемлекеттердің басты талабы-КХДР-дың ядролық сынақтарды тоқтатып, Корей түбегі территориясын денуклиаризациялау болып есептеледі. Егер осы елдер куәгер мемлекеттердің алдында бір-бірінің талаптарын орындайтын болса, онда келіссөздер сәтті өтіп, Үшінші дүниежүзілік соғыстың басталуының алдын алуға болады.

Қазақстанның ғаламдық ядролық қауіпсіздік мәселесінде маңызды міндет атқаруға ұмтылады. Біздің еліміз бұл келісімді аймақтық және халықаралық қауіпсіздікті айтарлықтай

нығайтуға мүмкіндік беретін, Корея Халық Демократиялық Республикасы мен халықаралық қауымдастық арасындағы қарым-қатынасты реттеуге үлес қосатын және өңірдегі барлық мемлекеттердің саяси және экономикалық дамуына жол ашып, ХХІ ғасырдың басындағы адамзат баласы ауқымды соғыс алдында тұрғанда жаппай қырып-жою қаупінің алдын алуға септігін тигізеді.

«Қазақстан территориясында өткізіліп жатқан халқаралық дағдарыстарды шешумен байланысты бейбіт келіссөздер елімізге оң әсерін тигізеді ма?» деген сұраққа жауап беру үшін халықаралық қатынастар мен саясаттану мамандығында оқитын студент-тремен сауал-сұрақ өткізілді:

-«Қазақстан Республикасы халықаралық қақтығыстардың медиаторы бола алады ма?» деген сұраққа 60% «Иә» деп жауап берсе, 40% «Жоқ» деп жауап берді;

-«Сирия мәселесі бойынша Астанада өткізілген келіссөздер жоғары деңгейде өтті ма?» деген сұраққа 75% «Иә» жауап беріп, 25% «Жоқ» деп жауап берді;

-«Ким Чен Ын мен Дональд Трамп арасындағы ядролық қару бәсекелестігін тоқтатып, бейбіт келіссөздер үстелінде бастарын қосу мүмкін ба?» деген сұраққа 50 % «Иә» деген жауап берсе, 50% «Жоқ» деп жауап берді;

-«Корей түбегіндегі ядролық дағдарысы айналысындағы мемлекеттер консенсусқа келу үшін Қазақстанның тигізетін рөлі бар ма?» деген сұраққа 60 % «Иә» деген жауап берсе, 40% «Жоқ» деп жауап берді;

-«Халықаралық дағдарыстарды шешу алаңы ретінде Қазақстанның сыртқы саясаты мемлекеттің имиджіне оң әсерімен ықпал етеді ме?» деген сұраққа 100% «Иә» деп жауап беріп, 0% «Жоқ» деп жауап берді.

Сауалнаманың нәтижесін талдай отыра, болашақ дипломаттар және саясаткерлер біздің мемлекетіміздің сыртқы саясатын қолдай отырып, халықаралық қақтығыстарды шешу процесінде Қазақстанның тигізетін ықпалы зор деп ойлайды.

Корытындылай келе, қырғи-қабақ соғыстан кейін әлемде теке-тірес, шиеленістер мен қақтығыстар көп болып келеді. Шешімін таппаған қайшылықтар саны артумен қатар, экономикалық дағдарыс пен тоқырау да күшеюде. Мұның бәрі халықаралық жағдайға, әлем елдеріне әсер етпей қоймайды. Алпауыт елдер өзара келісіп, дипломатиялық қатынас ұстап тұруға және дағдарыстарды шешуге көмектесуге дайын мемлекеттердің бірі-Қазақстан.

Халықаралық аренада Қазақстан медиатор және түрлі шиеленістер мен күрделі мәселелерді реттейтін консенсус аумағын құрушы мемлекет ретінде өзін таныта білді. Біздің мемлекетіміз геосаяси ойындарға қатыспайды. Басқа мемлекеттерінің жеке мүдделердің шеңберінде қалып қоюдан Қазақстан аулақ болып келеді. Қазақстан Республикасы өз ұлттық мүддесіне сай, халықаралық міндеттемелерді сәйкесінше атқарады. Біздің мемлекетіміздің саясатының бағыттарының бірі-Қазақстанның қауіпсіздігін сақтап, дүниежүзілік соғысты, ядролық қаруды қолдануды болдырмау.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның ядролық қару қолданысын дамытуды көздеген кез келген мемлекетпен келіссөздер жүргізуге моральды құқығы бар екенін айтты. "Осы себептен біз Иран ядролық келісіміне көңіл бөлдік. Сондықтан да біз Солтүстік Корея мәселесін талқылауға қатысамыз" - деді ол.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел болып, ядролық қарудан бас тартты. Сол арқылы еліміздің халықаралық беделі артып, ядролық державалардан шабуыл жасамау кепілдігін алдық. Осындай үлгі ретінде Қазақстан қос Кореяны ядролық қарусыз әлем құруға шақырып, бейбіт келіссөздерге алаң ұйымдастыруға дайын.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. [1 https://ria.ru/spravka/20110824/422914168.html](https://ria.ru/spravka/20110824/422914168.html)
2. [2 http://mfa.gov.kz/ru/content-view/razoruzhenie-i-yadernoe-nerasprostranenie](http://mfa.gov.kz/ru/content-view/razoruzhenie-i-yadernoe-nerasprostranenie)
3. [3 https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/kazakhstan-syigral-sereznuyu-rol-uregulirovani-i-iranskoy-277891/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-syigral-sereznuyu-rol-uregulirovani-i-iranskoy-277891/)
4. [4 http://24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/212516-akkan-suver-astana-protsesi-siriya-m](http://24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/212516-akkan-suver-astana-protsesi-siriya-m)

selesinde-sheshushi-r-l-ojnady

5. <https://nv.ua/world/geopolitics/kak-kndr-i-juzhnaja-koreja-pytajutsja-ispolzovat-olimpiadu-v-politicheskoi-ihre-2451875.html>

6. [http://www.akorda.kz/kz/speeches/external\\_political\\_affairs/ext\\_speeches\\_and\\_addresses/memleket-basshysy-nursultan-nazarbaevtyyn-buu-kauipsizdik-kenesinin-zhappai-kyryp-zhoiyatyn-karudy-taratpau-senim-sharalary-atty-otyrysynda-so](http://www.akorda.kz/kz/speeches/external_political_affairs/ext_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-nursultan-nazarbaevtyyn-buu-kauipsizdik-kenesinin-zhappai-kyryp-zhoiyatyn-karudy-taratpau-senim-sharalary-atty-otyrysynda-so)

ОӘЖ 930.1

## **АНГЛИЯНЫҢ ПАРСЫ ШЫҒАНАҒЫ АЙМАҒЫН ОТАРЛАУ САЯСАТЫ ( XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҒЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)**

**Сағынбек Айзере Айдынкызы**

Aizere.sagynbek99@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ХҚФ Шығыстану кафедрасының 2 курс студенті,  
Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі- З.С.Ильясова

Парсы шығанағындағы Ұлыбританияның жүргізген сыртқы саясаты тек тарихи жағынан емес, саяси тұрғыдан да өзекті болып табылады. Жалпы тарихи Парсы шығанағы аймағы: солтүстік-батыстан, оңтүстік шығысқа созылып жатқан Үнді мұхитының ауқымдылығымен маңызды болды. Бұл жағдайда Үндістан территориясына еш қиындықсыз шығуға болатын еді. Ұлыбританияның шикізатқа деген сұранысының артуына байланысты отарлық саясат белсенді түрде дамыды. Ұлыбритания Парсы шығанағына әсер етудің түрлі әдістерін қолдана отырып, үнемі өз саясатын өзгертіп отырды. Сонымен қатар, Парсы шығанағы аймағының саяси жағдайы, мемлекеттің субрегиондарында болып жатқан саяси режим және олардың ішкі саяси ориентациясы, елдердің экономикалық эволюциялық процесі әлем қоғамының баса назарын аудартқан болатын. Бұл жағдайлардың барлығы Парсы шығанағы елдерінің АҚШ пен Батыс Еуропаға қаржылай донор болуына себепкер болды.

Парсы шығанағы елдеріне елеулі әсер еткен ол XV-XVI ғасырлардағы ұлы географиялық ашылуларымен, Батыс Еуропа елдерінің колониалды саясаты. Еуропалықтар географиялық ашылулар нәтижесінде жаңа жерлерді игергенімен, сол жерлердегі халықтың рухани байлығын игеруді қажет деп санамады. Біреудің есебінен баюға көз тіккендер қатарында: бірінші еуропалық мемлекет ол Португалия болды. Осы мақсатпен португал саудагерлері экспедицияларды Африка жағалауларына жасақтап, 1442 жылы құлсаудасын бастаған болатын. XVI ғасырда Васко де Гамма географиялық ашылуының есебінен, португалдықтарға Аравия теңізінен маңызды тірек пункттерін алуға мүмкіндік туды. Альфонсо де Альбукеро адмиралы басшылығымен келген португалдық армаданың негізгі мақсаты, Үндістанмен Қызыл теңізден шығып тұрған теңіз жолын жаулап алу еді. Сол себептен ол ең бірінші Шығыс пен Батыс арасындағы ең маңызды сауда орталығы Ормузды жаулап алуды жөн көрген болатын [1, 101 б. ]. Біраз уақыттан кейін Альбукеро Үндістанның және сонымен қатар Парсы шығанағының вице-королі ретінде саналды. Әрине бұл жағдай ұзаққа созылмады. Олардың тыныштығын саяси аренада пайда болған османдықтар бұзды. Оның бірден-бір себебі ол: осы Португалдықтармен және ағылшындармен күресе отырып араб тайпалары кей жағдайда түрік көмектерінен бас тартқан жоқ. Солай XVI ғасырда Португалия жағдайы Испания қарамағына кіру есебінен өзгерді. Ал ендігі тұста батыс Еуропа елдерінің ішіндегі және капиталистік дамуға біртіндеп көшіп келе жатқан ең ықпалдысы ол Англия еді. Е.В. Торле атап өткендей: «Бұрынғы көңілді Англия, крестьяндиканшылар, рыцарлық бекіністер, монастырлар, кішкентай сауда орындары барлығы өткенге кетіп барады. Оның орнына саудагерлер, теңізшілер, кедей-кепшіктер Англиясы келе жатыр» [2]. Кейінгі 1622 жылдардағы Парсы шығанағындағы Португалдықтармен, Ағылшындардың келіспеушіліктері және Ормузды капитуляциялаулары шығанақтағы